



010000, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 8
«Министрліктер үйі», 14-кіреберіс
тел.: +7 7172 74 08 44

010000, г. Астана, пр. Мангилик Ел, 8
«Дом министерств», 14 подъезд
тел.: +7 7172 74 08 44

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

*2023 жылғы 21 сәуірдегі
№ ДС-93 депутаттық сауалға*

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі (бұдан әрі – *Министрлік*) Сіздердің Кентау қаласы мен Бәйдібек ауданын экологиялық аймаққа жатқызу мәселесіне қатысты депутаттық сауалдарыңызға келесіні хабарлайды.

2019-2020 жылдары Түркістан облыстық бюджетінен 639,4 млн. теңге бөлініп, «Кентау қаласы мен оған іргелес елді мекендердің қоршаған ортасының жай-күйі мен тұрғындардың денсаулығын кешенді бағалау» тақырыбы бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Аталған зерттеу жұмыстары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым, Денсаулық сақтау министрліктерінің қорытындыларымен қоса ағымдағы жылғы 8 ақпанда Министрлікке мемлекеттік экологиялық сараптама алу үшін ұсынылып, 2023 жылғы 3 наурызда қараудың нәтижелері бойынша жауап берілді.

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 9 тамыздағы № 317 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу қағидаларының 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік экологиялық сараптаманы іске асыратын органдардың қарауына ұсынылған құжаттамада жоспарланған қызметтің сипаттамасына байланысты шешімдер көрсетіледі:

1) тиімді материалдарды, энергияны үнемдейтін, аз және қалдықсыз технологиялық процестерді енгізу немесе қолдану;

2) табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен ұдайы өндіру, өндіріс пен тұтыну қалдықтарын кешенді өңдеу және кәдеге жарату;

3) ағынды суларды тиімді тазартуды қамтамасыз ету, оларды техникалық қажеттіліктерге пайдалану, тазартылмаған суды табиғи ағындар мен су қоймаларына, жергілікті жердің бедеріне жіберуден бас тарту сияқты тазартудың басым бағыттары;

4) атмосфералық ауаны ластанудан қорғауға қатысты негіздейтін шаралардың пәрменділігі мен кепілділігі;

5) топырақты, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау мен қалпына келтіру, табиғи қорық қоры объектілерінің мәртебесін сақтау;

6) халықты және қоршаған ортаны антропогендік физикалық, химиялық және биологиялық факторлардың зиянды әсерінен қорғауды қамтамасыз ету.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Экология кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 96-бабына сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыру процесінде қоғамдық тыңдаулар өткізу міндетті болып табылады.

Мемлекеттік экологиялық сараптама шеңберіндегі қоғамдық тыңдаулар Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 3 тамыздағы № 286 бұйрығымен бекітілген Қоғамдық тыңдаулар өткізу қағидаларына сәйкес өткізіледі.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, «Кентау қаласы мен оған іргелес елді мекендердің қоршаған ортасының жай-күйі мен тұрғындардың денсаулығын кешенді бағалау» зерттеу бағдарламасы экологиялық заңнамаға сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптама рәсімінен өтеді.

Кодекстің 405-бабының 8-тармағына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік экологиялық сараптамасының оң қорытындысы, сондай-ақ денсаулық сақтау, білім және ғылым саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың қорытындылары негізінде аумақ:

1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның шешімімен – төтенше экологиялық жағдай аймағы;

2) Қазақстан Республикасының заңымен – экологиялық зілзала аймағы деп жарияланады.

Сонымен бірге, Бәйдібек ауданының аумағын төтенше экологиялық жағдай аймағы немесе экологиялық зілзала аймағы деп жариялау үшін Кодекстің 21-бөліміне сәйкес жұмыстар жүргізу қажет.

Кодекстің 405-бабына сәйкес төтенше экологиялық жағдай аймағы немесе экологиялық зілзала аймағы деп жариялау болжанатын аумақты (акваторияны) зерделеу мақсатында **Түркістан облысы әкімдігінің жанынан** комиссия құру ұсынылады.

Себебі аталған аумақты төтенше экологиялық жағдай аймағы немесе экологиялық зілзала аймағы деп жариялау үшін қосымша зерттеулерді жүргізу қажет болады. Аталған зерттеулерді Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 64-бабына сәйкес жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын **облыс бойынша қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының** шеңберінде жүргізілу мәселесі **жедел түрде** шешілуіне септігін тигізеді.

Анықтама үшін: Мысал ретінде, Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 маусымдағы Ұлытау облысына сапары барысында Жезқазған мен Сәтбаев қалаларын және Ұлытау ауданының бір бөлігін «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қолданылу аясына жататын елді мекендер тізбесіне қосу бойынша жұмыс жүргізуге қатысты берген тапсырмасын келтіруге болады.

Бүгінгі күні Ұлытау облысының әкімдігі тиісті комиссия құрып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге қаражат бөліп, мемлекеттік сатып алулар рәсімдерін өткізді. Қазіргі уақытта мердігер анықталып, жұмыстар басталды.

Сонымен қатар Кодекстің 407-бабына сәйкес белгілі бір аумақта төтенше экологиялық жағдай аймағының немесе экологиялық зілзала аймағының құқықтық режимі белгіленген жағдайда мынадай:

1) қолайсыз экологиялық ахуалдың туындауына себепші болған объектілердің қызметін тоқтату не шектеу;

2) табиғи орта құрамдастарын қалпына келтіру (молықтыру), қоршаған ортаның сапасын жақсарту жөнінде жедел шаралар қабылдау;

3) адамдарға тұрақты немесе уақытша тұруға арналған үй-жайларды міндетті түрде бере отырып, оларды тұруына қауіпті жерлерден көшіру;

4) карантин белгілеу және басқа да міндетті санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды жүзеге асыру;

5) жануарларға ауырып қалған, қырылу қатері төнген жағдайда көмек көрсету бойынша қажетті іс-қимылдарды жасау;

6) келу және кетудің ерекше режимін белгілеу, көлік құралдарының жүрісін шектеу;

7) қызметі төтенше экологиялық жағдайды жоюға немесе халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуге байланысты емес жаңа кәсіпорындар мен басқа да объектілерді салуға және жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге уақытша тыйым белгілеу;

8) қолайсыз экологиялық ахуал салдарынан зардап шеккен адамдарға тамақ өнімдерін бөлудің ерекше тәртібін енгізу;

9) жоғары экологиялық қауіп төндіретін деп танылған объектілерді салуға және олардың жұмыс істеуіне тыйым салу;

10) қасиеттерінің жиынтығы және (немесе) жай-күйінің ерекшеліктері осы аймақтағы экологиялық жағдайды нашарлатуы мүмкін аса қауіпті (химиялық, радиоактивті, уытты, жарылу қаупі бар, жанғыш, биологиялық) заттарды, өсімдіктерді қорғау құралдарын қызметте қолдануға уақытша тыйым белгілеу;

11) сауықтыру, курорттық мақсаттағы объектілердің жұмыс істеуіне тыйым салу;

12) адамдарға, өсімдіктер әлеміне, жануарлар дүниесіне және басқа да табиғи объектілерге жоғары экологиялық қауіп төндіретін кез келген басқа да қызметті жүзеге асыруға тыйым салу немесе шектеу тәрізді шаралар енгізілуі мүмкін екенін атап өту қажет.

**Қазақстан Республикасының
Экология және табиғи
ресурстар министрі**

З. Сүлейменова

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі депутаттарының тізімі:

Ұ. Сәдібеков
Қ.Р. Балабиев
Б. Нажметдинұлы
Д.Е. Исабеков
Е.Т. Әбдиев
Т.Б. Қырықбаев
Қ.Ж. Иса